

“Puzzle English” тілдік жазғы лагерьі

Мақсаты:

- 5–7 сынып оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеу, тыңдау, түсіну, оқу және жазу дағдыларын дамыту
- Тілді ойын арқылы үйренуге жағдай жасау
- Оқушылардың еркін сөйлеп, өз ойларын жеткізе білуіне мүмкіндік беру
- Командалық жұмысты және шығармашылық қабілеттерді арттыру

Ұраны:

“Speak English. Learn Together. Have Fun!”

(Ағылшынша сөйлейік, бірге үйренейік, қызықты өткізейік!)

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар күнделікті өмірде қолданылатын 150-200 негізгі сөзді меңгереді
- Сұрақ-жауап, танысу, сипаттау, сұрау үлгілерін меңгереді
- Қарапайым сөйлемдер құра алады
- Қысқа мәтіндер оқып, түсініп, ауызша ойын жеткізе алады
- Өз отбасысы, сүйікті ісі, арманы туралы ағылшынша әңгімелей алады
- Шығармашылық жұмыстар арқылы тілдік дағдысын дамытады

Бағдарлама мазмұны:

Күн сайынғы уақыт тәртібі:

- **10:00–11:00** – Жаңа тақырыпты таныстыру, жаңа сөздер мен құрылымдар
- **11:00–12:00** – Ойын, шығармашылық жұмыс, жұптық/топтық тапсырма, қорытынды

Күнделікті жоспар

1-күн – 02 маусым | Танысу және лагерьмен таныстыру күні

- Лагерь ережелерімен танысу
- Оқушылар бір-бірімен ағылшынша танысады: “What’s your name?”, “How old are you?”, “Where are you from?”
- «All About Me» тақырыбында постер жасап, өзі туралы 3-4 сөйлеммен таныстырады
- Қимылды ойындар арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру

2-күн – 03 маусым | Түстер мен заттар

- Негізгі түстер мен сыныптағы зат атауларын меңгеру
- “What color is it?”, “It is blue.” сөйлемдерін қолдану
- «Color Hunt» ойыны – заттарды түстеріне қарай табу
- «My Favorite Thing» – сүйікті заты туралы сөйлем құру

3-күн – 04 маусым | Сандар және туған күн

- 1-ден 100-ге дейінгі сандармен жұмыс
- Ай, күн атауларын үйрену
- «When is your birthday?» сұрағына жауап беруді меңгеру
- Туған күнге шақыру қағазын жазу
- «Birthday Bingo» ойыны

4-күн – 05 маусым | Отбасы

- Family, mother, father, sister, brother сияқты сөздерді меңгеру
- Өз отбасы мүшелерін сипаттау (“This is my sister. She is 10.”)
- «Family Tree» – отбасы ағашын жасау
- «Guess Who?» ойыны – отбасы мүшесін сипаттап табу

5-күн – 06 маусым | Жануарлар

- Үй, жабайы және ферма жануарларын меңгеру
- “It is big and grey. It has a trunk.” – сипаттау құрылымын қолдану
- Сүйікті жануарын салып, сипаттау
- «Animal Charades» – қимыл арқылы жануарды табу

6-күн – 10 маусым | Тағам және дәм

- Тағам түрлерін меңгеру: fruit, vegetable, meat, drinks
- Дәм сипаттау: sweet, salty, sour
- “What do you like to eat?” – сұрау және жауап беру
- Сүйікті тағам туралы жазып, сурет салу
- Рөлдік ойын: мейрамханада тапсырыс беру

7-күн – 11 маусым | Киім және ауа райы

- Ауа райын сипаттайтын сөздер: sunny, rainy, cold, hot
- Киім атаулары: jacket, T-shirt, boots
- “What do you wear when it’s cold?” – сөйлемдер құру
- «Weather Fashion Show» – ауа райына сай киініп, сипаттау

8-күн – 12 маусым | Саяхат және көлік түрлері

- Көлік түрлерін меңгеру: car, plane, train, boat
- «How do you go to school?» – сұрау/жауап
- Өз армандаған сапарын сипаттау: “I want to go to London by plane.”
- Картамен жұмыс – бағыт сызу

9-күн – 13 маусым | Мамандықтар

- Teacher, doctor, firefighter, artist, singer сияқты мамандықтар
- “What do you want to be?” – өз арманы туралы сөйлеу
- Арман мамандығына постер жасау
- Жұптық рөлдік ойын: “Interview with a doctor” т.б.

10-күн – 14 маусым | Қайталау күні

- Өткен барлық тақырыптар бойынша сөздер мен тіркестерді шолу
- «Kahoot» немесе басқа интерактивті сұрақ-жауап
- «Find someone who...» – коммуникативтік ойын
- «Quiz Time» – жарыс түріндегі сұрақтар
- Кері байланыс: “I learned...”, “I liked...”

11-күн – 16 маусым | Қорытынды және марапаттау

- Оқушылар шағын жоба дайындайды: постер, қойылым, таныстырылым
- “My favorite part of the camp was...” сөйлемін қолдану
- Жобаны қорғау және ағылшынша таныстыру
- Сертификаттар мен марапаттар табыстау
- Естелік фотосессия және қоштасу әні (“Goodbye Song”)